

«Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Күні: 11.11.2022ж.

Өткізілген орны: «МТББО» МКҚК

Күн тәртібінде:

1. МТББО-ның 2021-2022 оқу жылындағы оқу –тәрбие жұмысының атқарылған жұмыстары.
2. МТББО-ның 2021-2022 оқу жылындағы шаруашылық жұмыстарының атқарылған жұмыстары.
3. Қосымша сұрақтар.

Қатысқандар: 4 адам

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес хатшысы А.С.Оспанова қамқоршылық кеңесте қаралатын сұрақтармен таныстырды.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.У.Жұлдыбаеваның Мектептен тыс білім беру орталығының 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының атқарылған жұмыстары бойынша баяндама оқыды. Оқу-тәрбиелік жұмыстары мен қатар әдістемелік, тәрбиелік іс-шаралардың атқарылған жұмыстары туралы толқалып өтті. Мұғалімдердің сапалық құрамын, яғни олардың аттестация бойынша Е-портфолиодағы кейбір мәселелері және тестлеуден өту жоспары туралы мәлімдеме берді. Әр түрлі деңгейдегі байқауларға қатысқан мұғалімдер мен оқушылардың жетістік пайыздары бойынша көрсеткіштері де аталып өтті.

Екінші мәселе бойынша сөз алды: шаруашылық меңгерушісі А.Т.Баймағанбетова, Мектептен тыс білім беру орталығының 2021-2022 оқу жылындағы шаруашылық жұмыстарының атқарылған жұмыстары бойынша слайд көрсетті. 2021 жылдың 10 қараша күні шаруашылық меңгерушісі болып тағайындалған уақыттан бастап өзінің бірқатар атқарған жұмыстары туралы тоқталып өтті, онда пандемия кезіндегі дене қызу өлшеу, ара қашықтық ұстау, бөгде адамдар кіргізбеу, оларды журналға тіркеу ережелерін сақтап жұмыстанғаны туралы мәлімдеме берді. Мекеменің мүлкі туралы мәлімет жинақтап, оларға инвентарлық номерлерді қойып, материалдық есебі (опись) реттелген. Мекемеде электр жүйелері дұрысталды. Жаңа 2022-2023 оқу жылының ағымды жөндеу жұмыстар мен қатар жылу жүйесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Хромтау аудан әкімінің қаулысы негізінде екі айлық сенбілік жұмыстары атқарылды.

Жаңа оқу жылына өрт қауіпсіздік, техникалық, еңбек қауіпсіздік оқыту жаттығуларыда өткізілгенді туралы мәлімдеме берді.

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшелері сұрақтар қойып, ұсыныстар жасады:

1. Камқоршылық кеңес төрайымы Н.Ж.Амангалиева, Хромтау аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры есебінде, осы Мектептен тыс білім беру орталығының үйірмелеріне қатысатын оқушылардың шығармашылық жұмыстарына көрме ұйымдастырғысы келетіні туралы ұсыныс айтты.
2. Кеңес мүшесі-Г.В.Попова оқу-тәрбие жұмыстарына жақсы деген баға беріп, алдағы уақытта осы мекеменің мерейтойына арналған шығармашылық орталығымыз туралы тарихи кітап немесе журналдар шығаруға ұсынысын білдірді.

Шешім етті:

1. МТББО-ғы әкімшілік жұмыстарын бақылау, бағалау.
2. 2022 жылы I тоқсанда жұмсалған қаражат есебі туралы МТББО есепшісін тыңдау.
3. Туындаған өзекті мәселерді кезектен тыс кеңес өткізу арқылы шешу.

Камқоршылық кеңесінің төрайымы *Н. Амангалиева* - Н.Амангалиева
Камқоршылық кеңес хатшысы *А. Оспанова* - А.Оспанова

